

Есірткі және психотроптық заттарды заңсыз айналымға түсіру үшін қылмыстық жауапкершілікті белгілейтін заңдарды соттардың қолдануы кезінде туындайтын мәселелер туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының қаулысы 1999 жылғы 30 сәуір N 6. Күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 27 Нормативтік қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 27 Нормативтік қаулысымен.

Есірткі және психотроптық заттарды заңсыз айналымға түсіру үшін қылмыстық жауапкершілікті белгілейтін заңдарды соттардың қолдануы кезінде туындайтын мәселелерді қарап, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Пленумы мына мәселелерге назар аударады.

Қылмыстық кодекстің К970167 259-бабын қолданған кезде оның құрылымының күрделілігіне байланысты көптеген түсініксіздіктер және сұрақтар туындайды.

Бұл бап есірткі және психотроптық заттарды заңсыз айналымға түсірудің әдісіне қарай (алу, сақтау, дайындау, қайта өңдеу, тасымалдау, жөнелту және өткізу) жауапкершіліктің әртүрлі дәрежесін көздейді.

Осыған байланысты қылмыстық тергеу органдары және соттар заңсыз айналымның бір тәсілін екіншісінен айырған кезде қиындықтарға келіп тіреледі. Ал, заңсыз айналымның әдісін дұрыс анықтаудың елеулі маңызы бар, себебі жасалған әрекетке байланысты кей жағдайларда әкімшілік жауапкершілік, кейде қылмыстық жауапкершілік қолданылады.

ҚК-тің К970167 259-бабының басқа редакциясында, мысалы, егер оның диспозициясында есірткі және психотроптық заттармен кез келген заңсыз әрекеттер (алу, сақтау, дайындау, қайта өңдеу, тасымалдау және жөнелту) Қазақстан Республикасы "Есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдалануына қарсы іс-қимыл шаралары туралы" Заңында қолданылған терминдерді ескере отырып, "заңсыз айналым" деген бір жалпы термин қолданылса, онда бұл бапты қолдану жеңілірек болар еді

Соттардың күнделікті жұмысында кездесетін тағы бір мәселе - ҚК-тің К970167 259-бабының мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтінінің бір-біріне сәйкес келмейтіндігі. Атап айтқанда, мемлекеттік тілде берілген мәтінге сай

қылмыстық жауапкершілік аталған заттарды тек сатып алғаны үшін көзделеді. Бұл орайда қолданылған "сатып алу" (покупка) термині орыс мәтінінде қолданылған "приобретение" терминінің мағынасына сәйкес келмейді, себебі ол заттарды алудың басқа әдістерін (тауып алу, сыйға тарту, қарызды қайтару, қарызға алу және т. б.) қамтымайды.

Осы баптың мемлекеттік тілде жазылған екінші бөлігінде аталған заттарды дайындау, қайта өңдеу, тасымалдау және жөнелту үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту оларды өткізу мақсаты анықталған жағдайда ғана туындайтындығы көрсетілсе, бұл қалыптың орыс тіліндегі мәтіні бойынша осы әрекеттер үшін жауапкершілікке тарту, өткізу мақсатына қарамастан белгіленген.

"Есірткі, психотроптық, күшті әсер ететін және улы заттарды заңсыз айналымға түсіру жөніндегі істер бойынша заңдарды қолдану туралы" 1998 жылғы 14 мамырдағы N 3 P98003s_ нормативтік қаулысымен және оған енгізілген 1999 жылғы 30 сәуірдегі N 2 P99002s_ қаулысымен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Пленумы көптеген түсініксіз мәселелерді шешіп, өзінің құзыры шеңберінде тиісті түсініктемелер береді.

Бірақ, Жоғарғы Сот Пленумы жоғарыда аталған мәселелерді шеше алмайды, себебі олар заң шығару тәртібінде шешілуге жатады.

Осыған байланысты Пленум заң шығарушы және атқарушы органдарды заңды жетілдіру қажеттілігі туралы хабардар ету қажет деп есептейді. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялар мәртебесі туралы" U952694_ Заң күші бар Жарлығының 28-бап 2-бөлігінің 4-тармағын және 31-бабын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Пленумы қаулы етеді: Қылмыстық заңның аталған қалыптарын жетілдіру және олардың дұрыс оқылуын қамтамасыз ету мақсатында жоғарыда айтылғандар Қазақстан Республикасы Парламентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің назарына ұсынылсын.